

ОӘЖ.56.683

## КІШІ ҚАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сегизбаев М.,

Кенжебай Р.Н.,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік  
Қазақстан зерттеу университеті  
Шымкент қ., Қазақстан

Курбаниязов А.К.

Халықаралық туризм және  
меймандостық университеті  
Түркістан қ., Қазақстан

**Аннотация:** В статье определены научно-теоретические основы градостроительства малых и моно городов и проведен аналитический обзор темы исследования. Также рассмотрены критерии классификации малых и моногородов в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** Город, малый и моно город, депрессивный город, однопрофильный город, агломерация.

**Abstract:** The article defines the scientific and theoretical foundations of urban planning in small and single-industry towns and provides an analytical review of the research topic. The criteria for the classification of small and single-industry towns in the Republic of Kazakhstan are also considered.

**Key words:** City, small and single-industry town, depressed city, single-industry city, agglomeration.

Дүние жүзінде қалалар - ірі, орта және шағын типтерін анықтау кезінде әлемдік теория мен тәжірибеде қаланың көлемі халық саны бойынша, тұрғындарының негізгі қызметі негізінде оның қызметінің мөлшері мен көлемі секілді негізгі белгілері анықталады. Осыған орай әлем елдерінің ұлттық заңнамалары бойынша қаладағы халық санының сан түрлі критерийлері белгіленген: Дания елінде 250 адамнан басталса, Жапонияда 30 мың адамға дейін есептелінген. Қазақстан мен ТМД елдерінде халықтың саны 12 мың адамнан кем болған жағдайда қала болып есептелінбеген.

«Кіші қалалар» негізгі критерийі - тұрақты тұрғындар санының негізінде бөлінетін халықтың жинақы түрде тұру жүйесі болып саналады. Көбіне заманға лайық кіші қала тұрғынының саны елу мыңға дейін жетеді. Онда ұйымдастырушылық - басқару қызметтері атқарылып, белгілі бір дәрежеде дамыған өндірістік базасы орнайды. Инфраструктура мен көріктендірудің белгілі элементі, көп қабатты құрылыстар, жер телімдеріне таяу орналасқан үй шаруашылығы тән болып келеді. Кіші қалаларда қала халқының ұдайы өсуі, қала аймағындағы кез келген адамның күнделікті қажеттілігін қанағаттандыру

үшін керекті заттармен жабдықталған инфрақұрылымдар т.б. мен тұрғындар шоғырланған аумақтық тұтас және жинақы кеңістіктер болады.

Қалалардың пайда болуы мен қалыптасуы және экономикалық дамуын түсіндіруге негіз болып табылатын теориялық ережені қарастырайық. Бірінші, біршама кең тараған түсінік - кеңістіктің артықшылық немесе орналастыру теориясы. Осы теорияның негізінде кеңістіктік артықшылық дегеніміз - кез келген экономикалық қызметте көрініс тапқан және өндірістің қандай да бір түрінің толық анықталған елді мекенде орналасуына тәуелді. Яғни, кез келген қаланың шикізат көзіне немесе өндірістің өзге де факторына (жұмыс күшіне, жерге, энергияға) немесе өткізу нарығына таяу орналасуына байланысты өзіндік аумақтық артықшылықтары болып табылады [1]. Мысалы, алюминий өнеркәсібі арзан электр энергиясының көзіне, металлургия зауыты темір кені мен тас көмір кенін өндіру орнына таяу орналастырылады. Осы теория еліміздегі қалыптасқан өндіріс күштерінің орналасуын түсіндіруге сеп болады.

Екіншісі кенттік қоныстардың көлік өзгерісінің негізінде орналасу теориясы болып табылады. Оны алғаш рет С.Соoley өз зерттеуінде қарастырған [2]. Оның теориясы бойынша қалалардың көпшілігінің көлік жолдарының айналасына шоғырлануы болып табылады. Атап айтсақ, әуелгі кезде қалалар мен қалалық мекендер ірі өзен, теңіз, аймақтарды экономикалық игеруге арналған «қақпалар», минералдық шикізатты және жер шаруашылығы өнімдерін тасып шығару порты секілді су жолдарының бойында пайда болған. Көлік жолының маңайында қалыптасқан дәл осындай орталықтарда көптеген өнеркәсіптер, банктер, білім мен мәдениет орындары шоғырланады.

Әлемдік ірі қалаларды орталықтандыру ілімін алғаш рет ұсынған ағылшындық Эбенезер Говард еді. Оны «Қалалар – болашақтың бағы» атты еңбегінде жазып кеткен. Осындай шағын қалаға ірі қалалардың шуынан шаршап, лас ауасы мен зиянды ортасынан шаршаған адамдар көшіп келгісі келеді деген [4].

Утопиялық социалист Томас Мор «Мемлекеттің жақсы орындары жайында» деген еңбегінде кент пен ауылдың арасындағы өзіндік ерекшеліктерін қарастырып, сондағы тұрғындардың тепе-теңдігі жайында, қоныстану мәселелерін қарастырған [5].

Коммунистік ілімнің өкілі Т.Кампанелла «Күн қала» атты кітабында қала туралы жоғары дәрежедегі концепция жасап, қалада жекеменшік ұғымы болмайды, онда еңбек басты роль атқарады деген [6]. Қалалар туралы сонымен қатар Ж.Ж.Руссо, Р.Оуэн, Ш.Фурье, Э.Кобе т.б. зерттеген [7-9].

Қаланың орталық орын теориясының түсінігі неміс географтары В.Кристаллер мен А.Лэманың зерттеулерінде қарастырылған. Тұжырым бойынша қаланы дамыту - ауыл шаруашылығы өнімдерінің мөлшерін арттыруға негізделген. Осыған орай қалалық сауда аймағының, ауыл аймағының қызмет етуі үшін керекті аймақты құрайтын қатынастар туындаған.

Қазіргі заманда аймақтық дамудың әлемдік теориясында Дж.Кольбтің «Ұяларды дұрыс тарату үлгісі» жалпы қабылданған үлгі болып саналады [10]. Теорияның негізгі ұғымы - елді мекеннің «айрандай ұйыған» түрде шоғырланып орналасуы, яғни: ірі қала орталық орын ретінде орналасып, оның маңына кіші қалалар жақын шоғырланады; ал шағын қалалардың айналасында олардың өткізу аймағының шетінде ауылдық елді мекендер салынады. Дж.Кольбтің үлгісі бойынша кіші қалалар көбіне қосымша өнеркәсіп алаңдарының рөлін атқарады. Халықтар қаланың орталығына жылдам жетеді. Ал бұл өз кезегінде олардың жұмысқа орналасуына, өздерінің біліктіліктерін арттыруына, көрсетілетін әлеуметтік-тұрмыстық қызметтің түрін толыққанды пайдалануына сеп болады. Осы жүйемен еуропа елдерінің көптеген ірі қалалары мен астаналары дамыған..

Агломерация орталығынан 60 шақырым радиус қашықтықта орналасқан қалалар мен елді мекеннің серік-қалалармен салыстырғанда өзіндік артықшылықтары басым. Атап айтсақ, мұнда еңбек және оқу мақсатымен халықтың күнделікті көшіп-қону мүмкіндігі сақталған, екіншіден - адамдардың өмір сүруі үшін барынша ыңғайлы экологиялық жағдайлар қалыптасқан. 60 шақырымнан астам қашықтықта орналасқан елді мекендер ең қолайлы экологиялық жағдайда орналасқанымен, бірақ мұндай жерден орталыққа жету үшін біршама уақыт жұмсауымен байланысты. Осыған сәйкес, жеке және кәсіби жағынан өсу мүмкіндігі шектеледі. Өмір сүру салты ауыл тіршілігіне ұқсас болып кетеді [11].

Батыс елдерінің экономика саласында қалаларды дамыту теориясының негізін салушылар Л.А.Велихов, ал қалалардың даму аспектілері және өзіндік ерекшеліктерін Т.Афогинов, Н.А.Антонов, Н.И.Блажко, М.В.Борщевский, С.В.Григорьев, А.В.Грузинов, А.Э.Гутков, Г.М.Лапло, В.В.Финагин т.б. зерттеген.

Бүгінгі таңда ғылым саласында қаланың экономикалық моноорталықтары және оларды типологиялық тұрғыдан топтастыру пролемаларын Н.И.Горин, В.Н.Лексин, В.В.Любовный, А.А.Нещадин, А.И.Щецов, Р.И.Шнипер т.б. қарастырған. Мұндай қалалардың даму болашақтары туралы Е.Г.Анимица, Е.Е.Гоярченко, М.И.Пушкарев, И.Д.Тургель т.б. өз еңбектерінде жазған.

Қазақстан Республикасында моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы жайында Мырзалиев Б.С, Еспаев С.С, Жүнісов Б.А, Ыдырыс С.С, Азретбергенов Г.Ш т.б. зерттеген.

Мырзалиев Б.С., Тайжанов Л.Т. «Қазақстанда моноқалалардың экономикалық жүйелердің ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастыру» атты мақалаларында әлемдік және қазақстандық моноқалалардың қалыптасуының ғылыми-теориялық негіздерін жан-жақты қарастырған [12].

# «ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ОТРАСЛЕЙ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА В БАССЕЙНЕ АРАЛЬСКОГО МОРЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНЫХ КЛИМАТИЧЕСКИХ ИЗМЕНЕНИЙ»

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

ҚР-да бір салалы (шағын монобейінді) қалалардың мемлекетте алатын орны ерекше. Олар әлеуметтік-экономикалық және қалалардың экологиялық саясатын жоспарлауда ерекше нысан болып табылады.

Қалаларды топтастыруда жұмыспен қамтамасыз ету белгілерін ең бірінші АҚШ-ның 377 қаласының жіктемесін құрастырушы Г.Харрис еді. Ол тоғыз түрлі қаланың санатын анықтаған. Оларды төмендегідей жүйеледі:

- Индустриалды қалалар;
- Индустриалды қызмет атқаратын қалалар;
- Тау-кен өндірісті қалалар;
- Бөлшек-саудалы қалалар;
- Көтерме саудалы қалалар;
- Демалыс қалалар;
- Сауда мультифункционалы қалалар;
- Университет қалалар [13,14].

С.Ожегов., Н.Шведова., Д.Ушаковтардың түсіндірме сөздіктерінде «қала» - көп халық орналасқан жерді айтады және ол өз кезегінде әкімшілік, сауда-аттық, индустриалдық немесе мәдени орталық болып табылады [15,16].

ҚР моно және шағын қалалар туралы көптеген ғылыми еңбектер жазылған.

«Депрессивті қалалардың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» атты диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы: депрессивті шағын қала халқының тұрақты дамуы тек халық үшін лайықты тұрмыс жағдайларын жасағанда, депрессивті шағын қалалық жағдайларға бейімделген әлеуметтік-экологиялық, экономикалық жүйе құрылғанда, антропогендік ықпал мен табиғи жер бедерін жоюға қарсы әрекет жасалғанда, мәдени құндылықтар қорғауға алынғанда табиғи қорларды, ауыл шаруашылығының, жергілікті өнеркәсіптің, туризм мен адам тіршілігінің басқа салаларын қалпына келтіру мақсаттарына сай ұзақ мерзім бойына пайдалану қамтамасыз етілгенде ғана мүмкін бола алады» делінген [17].

«Қазақстанда бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы» атты диссертация жұмысының негізгі міндеттеріне: бір салалы қалаларды басқаруды дамытудың теориялық-әдістемелік басқару негіздерін зерттеу; бір салалы аймақтары дамыту институттарын қалыптастырудың әдістемелік негіздерін бағалау; Қазақстандағы бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін анықтау; Оңтүстік Қазақстан облысындағы шағын және бір салалы қалалардың экономикалық даму деңгейіне баға беру; Қазақстандағы бір салалы қалалар дамуының негізгі бағыттарын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау деп көрсетілген [18].

«Шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайлары (Арқалық қаласы мысалында)» тақырыбындағы зерттеу жұмысында шағын қалаларды жандандыру, қаладағы әлеуметтік әрі экономикалық байланыстарды

қалпына келтірудің біртұтас үрдісінің құрам бөлігі ретінде қарастырылған. Шағын қалаларды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып саналады [19].

«Қазақстандағы шағын қалалардың пайда болуы мен дамуы және әлеуметтік-экономикалық дамуының артта қалу себептері және оларды басқару» атты экономика саласы бойынша жазылған диссертация жұмысының мазмұнында шағын қалалардың дамуы мен пайда болуы және шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан артта қалуының экономикалық себептерінің даму бағытын зерттеуге арналған. Себебі күні бүгінге дейін шағын қалалардың, соның ішінде Ақсай қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы ғылыми айналымға тартылмай келген жаңа тың деректер негізінде қарастырылып сараланған [20].

ҚР-ның Қаулысында «моноқала» - бұл бір немесе бірнеше қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы қаланың экономикалық және әлеуметтік жағдайын айқындайтын кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың және өнеркәсіп өндірісінің негізгі бөлігі шоғырланған қала» деген анықтама берілген [21].

Қазақстандық қала танушы ғалымдардың зерттеулерінше ауылдарды қалаларға айналдыру үшін біршама жұмыстар атқарылуы тиіс. Шаруашылық құрылымдары мен адамдар арасында интенсивті түрде қарым-қатынастар орнауы керек деген. Қалалықтардың саны 20-25 мыңнан кем болмауы керек. Белсенді халықтардың пайыздық мөлшері міндетті түрде еңбек нарығымен және индустрияның дамуымен тікелей байланысты болмауы тиіс. Мұнда өндіріс және ауыл шаруашылық салаларының экономикалық және аймақтық шарттарына баса назар аудару қажет делінген.

Дүние жүзілік тәжірибеге сүйенсек көптеген кіші қалалардың пайда болуы қаланың мамандану қызметі оның орналасуын түсіндіретін теориялық тұжырымдамалардың ережелеріне сәйкес қалыптасқан. Әсіресе, қаланың атқаратын мамандану теориясы шахтерлік немесе металлургиялық қалалардың пайда болуы кезінде айқын көрінеді.

Кіші қалаларды моноқалаларға кіргізудің айқындалған нақты параметрлері жоқ. Дегенмен ол туралы ресейлік зерттеушілердің сандық критерийлерін пайдалану ұстанымдарын қолдануға болады: қаланың барлық өнімдерінің 50%-дан астам көлемінің қалалық кәсіпорындарынан өндірілуі, немесе осы қаланың экономикалық белсенді халқының 25%-дан астамының осы кәсіпорындарда жұмыс жасауы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Петрикова Е.М. Моноқалалар экономикасының кешенді инвестициялық бағдарламасы // Аймақтық экономика: теория және практика. – 2010. - №43 (178). – Б. 19-33.

# «ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ОТРАСЛЕЙ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА В БАССЕЙНЕ АРАЛЬСКОГО МОРЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНЫХ КЛИМАТИЧЕСКИХ ИЗМЕНЕНИЙ»

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

2. Кенжебаева А.А., Имангазиев Н., Рахимбеков А. Қазақстанның орт және кіші қалаларының локальды базаларын қалыптастырудың құрылымы // «Тиімді жоспарлаудың модельді технологиясының жинағы». – Алматы, 1987. - С. 132-137.
3. Демидова Е. Ресейдің кіші қалаларының даму перспективасы мен мәселелері. - Екатеринбург. – 2009. // <http://mmj.ru/economics.html?&article>.
4. Говард Э. «Қалалар – болашақтың бағы». – Ұлыбритания, 1903.
5. Мор Т. Утопия. /Перевод с латинским и коммент. А.И.Малеина, Ф.А.Петровского/. – М.:Изд-во АН СССР, 1953. – 207 с.
6. Кампанелла Т. «Күн қаласы». – 2014. – 280 б. [Lub.ru](http://Lub.ru) «kampanella» suntown.
7. Оуэн Р. Управленческие идеи Р.Оуэна. [portal.ru](http://portal.ru).
8. Фурье Ш. Избранные сочинения. М-Л.: - ТТ1-4, 1951-1954 гг.
9. Кабе Э. Путешествие в Икарию. (в 3-х частях). – М.:Изд-во АН СССР, 1948.
10. Географиядағы үлгілеу /Ред. П.Хаггет, Дж.Чорли/. - М.: Прогресс, 2001
11. [http://ru.wikipedia.org/wiki/города\\_Казахстана](http://ru.wikipedia.org/wiki/города_Казахстана).
12. Мырзалиев Б.С., Тайжанов Л.Т. «Қазақстанда моноқалалардың экономикалық жүйелердің ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастыру» // ҚарМУ Жаршысы /Экономика/, 2015.
13. Chancy Harris D. A functional classification of cities. – The United States. Geographical Review . – New York, 1943. – P. 86-99.
14. Chancy Harris D. The cities of the Soviet Union, United States. –New York, 1945;1975 – P. 100-121.
15. Ожегов С.И., Шведова А.Ю. Орыс тілінің толковый сөздігі (5000 сөздік). – М., Изд-во Азь.
16. Ожегов С.И., Шведова А.Ю. Орыс тілінің толковый сөздігі (7000 сөздік). – М., Изд-во Азь
17. «Депрессивті қалалардың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары» атты диссертациялық жұмысы. <https://stud.kz>
18. «Қазақстанда бір салалы қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы» атты диссертациялық жұмысы. <https://stud.kz>
19. Шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайлары (Арқалық қаласы мысалында) тақырыбындағы диплом жұмысында 050506 – экономика. <https://stud.kz>
20. Қазақстандағы шағын қалалардың пайда болуы мен дамуы және әлеуметтік-экономикалық дамуының артта қалу себептері және оларды басқару» атты экономика саласы бойынша жазылған диссертация жұмысы <https://stud.kz>
21. Мор Т. Утопия. /Перевод с латинским и коммент. А.И.Малеина, Ф.А.Петровского/. – М.:Изд-во АН СССР, 1953. – 207 с.